

Бекітемін:

«Айханым» МДҰ меңгерушісі

Боранбаева М.И.



**2024-2025 оқу жылына арналған «Айханым» мектепке
дейінгі ұйымының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын
жүзеге асыру бойынша
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**«Айханым» мектепке дейінгі ұйым
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату; отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

«Әкелер мектебі»

Міндеттері:

- әкенің беделін арттыру және оның отбасында балаларды тәрбиелеудегі ықпалы;
- балаларды жан-жақты дамыту процесінде ата-аналар мен педагогтердің өзара ықпалдастығы;
- балалар мен ата-аналар арасында оң қарым-қатынас қалыптастыру;
- балаларды тәрбиелеуде әкелерге психологиялық-педагогикалық колдау көрсету;

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық мәдениетін арттыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне тең құқылы және тең жауапты серіктестер ретінде тарту

№	Іс-шараның атауы	Форматы	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	Күн тәртібінде: «Айбар» әкелер мектебі кеңесінің жоспарын бекіту , Жоспармен таныстыру , мүшелерін бекіту «Асыл тәрбие ұл балаға әкеден» атты бала тәрбиесінің маңыздылығы	Жиналыс	Қыркүйек	Әдіскер Әкелер кеңесінің төрағасы	
2	«Батамен ел көгерер»	Әкемен баладан бата байқауы	Қазан	Әдіскер Тәрбиеші	
3	«Бала тәрбиесіндегі әке жауакершілігі»	Әкелер жиналысы	Қазан	Әдіскер тәрбиеші Әкелер кеңесінің төрағасы	
4	«Әкем мен болған сәттер »	Бейнерол иктер байқауы	Қараша	Әр топ тәрбиешілері	
5	«Ынтымақты отбасы болу әкеден»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Әдіскер Тәрбиешілер	
6	«Әке –тәрбие саңлағы»	Әкелер жиналысы	Қаңтар	Әдіскер Тәрбиешілер әкелер төрағасы	
7	«Менің әкем –ең керемет адам»	Сурет көрмесі	Ақпан	Тәрбиешілер	

8	«Жақсылық жасап жарысайық» Әкелермен бірге құсқа ұя дайындау	Офлайн ұя жасап жіберу (Фоталар жіберу)	Наурыз	Тәрбиешілер	
9	«Әке-асқар тау»	Мерекелік іс-шара	Сәуір	Тәрбиешілер	
10	«Әкем және мен» Қамшы ұстарды тәрбиелеу	Отбасылық спорттық сайыс	Мамыр		

«Аналар мен әжелер» мектебі

«Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» мақсаты мен міндеттері:

«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» қоғамдық-отбасылық өзара ықпалдастықтың жаңа нысандарын дамыту, МДҰ-ның әлеуметтік мәртебесі мен ролін арттыру мақсатында құрылады.

«Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебінің» негізгі міндеттері:

- отбасына баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету;
- отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау;
- барлық отбасы мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту;
- педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу;

№	Іс-шараның атауы	Форматы	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	Күн тәртібінде «Аналар мен әжелер» мектебінің жоспарын бекіту, бұйрық шығару, мүшелерін	Жиналыс	Кыркүйек	Әдіскер Тәрбиешілер Аналар мектебінің төрайымы	